

«Қараой мектеп – балабақшасының» КММ бойынша жүргізілген өзін-өзі бағалау бойынша жасалған АНЫҚТАМА

Мекеме атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қараой мектеп - балабақшасының» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мекен жайы: Ойыл ауданы, Қараой ауылы, Жасқайрат №26

Лицензия нөмірі, берілген күні: №KZ04LAA00024088 18.02.2021ж

Телефон, эл.почта: 871332-73-720, karaoi_kz@mail.ru.,

Мектеп директоры: Майканов Абзал Сансызбайұлы

Өзін-өзі бағалау, тексеру парағы:

- 1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);
- 2) Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарларымен анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

2022-2023 оқу жылында

Мақсаты: Оқу –тәрбие үрдісінде жаңартылған білім беру мазмұны аясында білім беру бағдарламасын сапалы іске асыра отырып, жаңаша білімге-жаңаша көзқарас қалыптастыру, білім беру процесін демократияландыруға ықпал ету, функционалдық сауаттылығын дамытып, бәсекеге қабілетті коммуникативтік құзіреті қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Мұғалімдердің оқытудың цифрлық түрін қолдану үлесін арттыру;
- Білім алушылардың білімін толықтыру;
- Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- Жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру;

Осы алға қойған мақсат, міндеттерді басшылыққа ала отырып, жұмыстандық.

Нәтижесінде: Жалпыға бірдей білім беру принциптері үнемі басшылыққа ала отырып, сабақ беру үрдісінде интербелсенді әдісті, ақпараттық технологияны қолдану белсенділігі артты. Мектеп пен ата-аналар арасында қарым-қатынасты нығайту мақсатында шаралар ұйымдастырылды.

2022-2023 оқу жылында:

Кіші топ ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары қолданылды(ҚР оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымша)

Ортаңғы топ ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары қолданылды(ҚР оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 2-қосымша)

Мектепалды даярлық сыныбы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары қолданылды(ҚР оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 3-қосымша)

1-4-сыныптар ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 үлгілік оқу жоспарының 1- қосымшасы;

- **5-9-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 үлгілік оқу жоспарының 6- қосымшасы;
- **10-11-сыныптар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 86 қосымшасы)
- **Инклюзивті оқыту** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген 10-қосымшасы (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 үлгілік оқу жоспарының 4,7- қосымшасы;)

Нәтижесінде : Аудандық деңгей:

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша 9-класс оқушыларына арналған «Аламан» олимпиадасында Д.Сәуірбаев I орынмен марапатталды, пән мұғалімі А.Қойшыбай

«Кішкентай білгірлер» бастауыш сынып оқушыларына арналған олимпиада «Жалын» тобы III дәрежелі дипломмен марапатталды. Пән мұғалімі У.Жангазиева «Алтын сақа» математикалық олимпиада 3-сынып Е Сапаров, Н Орақ III орын пән мұғалімі А.Кумарова, 4-сынып І.Утеген, Е Бекберген III орын пән мұғалімі У.Жангазиева «Ақберен» байқауы А.Артурқызы III орын, пән мұғалімі А.Ақбисенова. «Ақберен» байқауы А.Айтқалиева I орын, пән мұғалімі Б.Аққошқарова. «Зерде» жобалар конкурсында биология секциясы бойынша Қ.Сансызбай I орын, пән мұғалімі Н.Дәнекерова

«Зерде» жобалар конкурсында орыс тілі мен әдебиеті секциясы бойынша А.Ғалымов III орын, пән мұғалімі Г.Абдрамова

«Зерде» жобалар конкурсында биология секциясы бойынша Е Сапаров мақтау қағазы пән мұғалімі Г.Мухтарова

«Зерде» жобалар конкурсында тарих секциясы бойынша М.Мырзахан мақтау қағазы пән мұғалімі Е.Копбаев

5-6 сынып оқушыларына арналған кешенді олимпиада 5-сынып М.Мырзахан ағылшын III орын пән мұғалімі Б.Жетписбаева, қазақ тілі II орын пән мұғалімі М.Утепова

Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада қорытындысы бойынша қазақстан тарихы Ә.Өтемісқызы III орын пән мұғалімі Е.Копбаев, биология пәні З.Дауылбайқызы III орын пән мұғалімі Н.Дәнекерова, орыс тілі мен әдебиеті пәні Кенжебайұлы Ш III орын пән мұғалімі Г.Абдрамова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні Кенес А I орын, А.Рамазаонва I орын, пән мұғалімі А.Кулекешова, география пәні Дауылбайқызы З I орын, Е.Айтқали мақтау қағазы пән мұғалімі Ә.Өтеп, математика пәні Д.Сәуірбаев III орын, Е.Амангелді мақтау қағазы пән мұғалімі Ж.Амангелды, құқық пәні Алпыс А III орын, пән мұғалімі Е.Копбаев, ағылшын А.Тлекқабылова мақтау қағазы Н.Құсайынова

«Абайдың тролық адам филолсофиясы» облыстық дебат турнирінің аудандық кезеңі «Риторика фракциясы» III орын жетекшісі А.Сәрсенова

«Үздік бастауыш сынып мұғалімі-2022» байқауы жүлделі I орын А.Кумарова, **Облыстық деңгей:**

«Зерде» жобалар конкурсында биология секциясы бойынша Қ.Сансызбай III орын, пән мұғалімі Н.Дәнекерова

5-6 сынып оқушыларына арналған кешенді олимпиада 5-сынып оқушысы М.Мырзахан ағылшын II орын пән мұғалімі Б.Жетписбаева, қазақ тілі II орын пән мұғалімі М.Утепова, математика III орын, пән мұғалімі С.Ғарифуллаұлы

Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастырған педагогтердің пәндік шеберханасына I мұғалім қатысып, өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Шеберхана жұмысының қорытындысы бойынша ағылшын тілі пәні мұғалімі Н.Құсайынова алғыс хатпен марапатталды.

Республикалық деңгей:

«Кенгуру-математика барлығы үшін интеллектуалдық конкурсы»:

Сапаров Е І дәрежелі диплом;

Орақ Н І дәрежелі диплом;

Алпамысқызы А І дәрежелі диплом;

Қыдыр А І дәрежелі диплом;

2023-2024 оқу жылында

Кіші топ ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары қолданылды(ҚР оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымша)

Ортаңғы топ ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары қолданылды(ҚР оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 2-қосымша)

Мектепалды даярлық сыныбы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары қолданылды(ҚР оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 3-қосымша)

- **1-4-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 үлгілік оқу жоспарының 1- қосымшасы;
- **5-9-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 үлгілік оқу жоспарының 6- қосымшасы;
- **10-11-сыныптар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 86 қосымшасы)
- **Инклюзивті оқыту** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (1-қосымшасы);

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2022-2023 оқу жылында

1-11 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен, 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

2022-2023 оқу жылында

1-11 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығымен, 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

4) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)

Қараой мектеп -балабақшасының 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстар

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды.

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері аясында жасалып, бекітілді.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
Рухани-адамгершілік тәрбие (Діни тәрбие, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет)

Ұлттық тәрбие

Отбасы тәрбиесі

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Зияткерлік тәрбие

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Жоспар мектептің қоғамдық беделін көтеруге, қазіргі заманғы тәжірибе және ұлттық дәстүр негізіндегі тәрбие құрылымы мен мазмұнын жаңартуға, тәрбие және оқу процесін үйлесімділікті қолдануға, қоғамдық және отбасылық тәрбиеге бағытталған.

Тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан - жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

1. Тәрбие жұмысының міндеттері:

- Оқушыларды Отанды сүйуге, оның тарихы мен халқын қадірлеуге, Ата Заңымызды құрметтеуге тәрбиелеу;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыру;
- Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалана отырып, өзін-өзі сыйлау, өзін-өзі құрметтеу сезімдерін ояту;
- «Ұшқыр ой» дебаттық клубы арқылы оқушылардың ой-өрісін, шығармашылығын дамытып, өз ойын еркін, ашық білдіре алатын тұлға қалыптастыру;
- «Қоғамға қызмет» әлеуметтік волонтерлік жобасы аясында оқушыларымызды үлкенге құрмет көрсетуге, қайырымдылық бағытындағы акцияларға қатыстыру;
- Оқу –тәрбие үрдісінде өздігінен жұмыс істеуде, оқушылардың әлеуметтік белсенділігін дамытуға жағдай жасау, оқушылардың тиімді өзін-өзі басқаруын ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Тұлғаның өзгеріп жатқан өмір жағдайларына бейімделуі керек.
- Занды сыйлап, әлеуметтік жауапкершілікті болуы, азаматтық ерлігі , ішкі еркіндігі мен ар намысы болуы керек.
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында білім алушылардың оқу мәдениеті мен оқу белсенділігінің артуы.

- Жан-жақты, жоғары әлеуметтік белсенді және уақытты тиімді пайдалана білетін қабілетті болуы.
- Өзгермелі өмірде еркін өмір сүре алатын, өмірді еркін бағдар алатын және өз ойы мен пікірі бар тұлға қалыптасуы.
- Қайырымдылық әлеуметтік жобаларға белсенді, ерікті түрде көмек қолын созатын тұлға қалыптастыру.
- Жанашыр, өнегелі, парасатты, әлемдік мәдениет пен өркениетті тани білуі және сыйластық сезімді қабілетті болуы керек;
- Өз денсаулығын өмірлік қалпына келмейтін ресурс ретінде бағалауы тиіс;
- Ұлттық салт-дәстүр, мәдениет байлықтарын бағалай, қастерлей білуі керек.

Қойылған проблема, оны шешудегі мақсат, міндеттер, күтілетін нәтижелер 2022-2023 оқу жылында орындала алды.

Мектептегі барлық отбасы саны – 105

Жалпы атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары – 36

Аз қамтылған отбасы балалары – 32

Көп балалы отбасы балалары – 55

Толық емес отбасы балалары – 4

Мүмкіндігі шектеулі балалар – 3

Ата-әжесімен бірге тұратындар – 2

Жалпы 38 бала тегін тамақпен қамтылды.

1. 2022-2023 оқу жылы бойынша сынып жетекшілер, үйірме жетекшілері және қоғамдық ұйымдар мен мектеп мұғалімдері тәрбие сағаттарын, сыныптан тыс жұмыстарды, спорттық сайыстарды, түрлі байқауларды, тәрбиелік шараларды ұйымдастыра алды.
2. Тәрбие саласындағы шаралардың өткізілу жағдайлары бойынша сынып жетекшілер мен тәрбие саласы мамандары түрлі деңгейдегі курс-семинарларға қатысты.
3. Сынып жетекшілер, тәрбие саласы мамандары тәрбие жоспарын жоспарлауда, тәрбие сағаттар, сыныптан тыс шаралар, спорттық сайыстар, түрлі деңгейдегі байқауларды ұйымдастыруды, өткізуде түрлі курс, семинарларға қатысты. Сол арқылы өткізілген шараларды талдау жасауды үйрене алды.
4. Сынып жетекшілер, тәрбие саласы мамандары «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Қоғам құндылығы» арнайы жобасы негізінде биылғы оқу жылында ата-аналармен жұмыс жасалды. Әкелер, аналар клубтарының жоспарлары негізінде тәрбиелік шаралар ұйымдастырып өткізді.
5. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие жұмысының Тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмысының 8 бағыттары бойынша Қараой мектеп-балабақшасында төмендегідей бағыттар қамтылып оқылды.
6. Үйірме жұмыстары үйлесімді дамыған тұлғаны жан-жақты тәрбиелеуге ықпал етеді. Мектебімізде 2022-2023 оқу жылында 7 ақылы үйірме, сонымен қатар 4 спорттық секция жұмыс істеді.

№	Үйірме атауы	Өткізілетін күні	Уақыты	Жетекшісі
1	«Зерлі жіп»	Сейсенбі Жұма Сейсенбі Жұма	09:30 – 11:30 09:30 – 11:30 15:00 – 17:00 15:00 – 17:00	Жуманғалиева Гулназ Сериковна
2	«Тарихи – өлкетану»	Дүйсенбі Сәрсенбі Сейсенбі	10:00 – 11:00 10:00 – 11:00 15:00 – 17:00	Жумағазиева Гаухар Акановна

		Сәрсенбі Бейсенбі	15:00 – 17:00 15:00 – 17:00	
3	«Жас әдебиетшілер»	Дүйсенбі Бейсенбі Дүйсенбі Сәрсенбі	10:00 – 12:00 10:00 – 12:00 15:00 – 17:00 15:00 – 17:00	Мүлкаман Назерке Дәулетқалиқызы
4	«Домбыра»	Сейсенбі Бейсенбі Сейсенбі Бейсенбі	10:30 – 12:30 10:00 – 12:00 15:30 – 17:30 15:30 – 17:30	Дауова Ақтоты Қабдолқаримқызы
5	«Балалар және театр»	Сейсенбі Жұма Сейсенбі Жұма	10:00 – 12:00 10:00 – 12:00 15:00 – 17:00 15:00 – 17:00	Аужанова Дина Мухитовна
6	«Ұшқыр ой алаңы»	Сейсенбі Жұма Сейсенбі Жұма	10:00 – 12:00 09:00 – 11:00 16:00 – 18:00 16:00 – 18:00	Сәрсенова Айсәуле Айсақызы
7	«Химия»	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	16:00 – 18:00 16:00 – 18:00 16:00 – 18:00 16:00 – 18:00 16:00 – 18:00	Қойшыбай Асылбек Арыстанбекұлы
8	Тоғызқұмалақ	Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі	10:00 – 11:00 10:00 – 11:00 10:00 – 11:00	Досниязов Қайрат Атигуллаұлы
9	Футбол	Дүйсенбі Жұма	10:00 – 11:00 10:00 – 11:00	Базанов Измұқан Наурызбайұлы
10	Волейбол (қыздар)	Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі	15:00 – 16:00 15:00 – 16:00 15:00 – 16:00	Досниязов Қайрат Атигуллаұлы
11	Волейбол (ұлдар)	Дүйсенбі Бейсенбі Жұма	16:00 – 17:00 16:00 – 17:00 16:00 – 17:00	Базанов Измұқан Наурызбайұлы

7. Үйірме жұмыстары балалардың өмірін бай және қызықты етті, физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, адамгершілік және рухани дамуына барынша жағдай жасады. **Ұсыныс:** Үйірмелер жұмысын әртараптандыру қажет. Бұл барлық іс-шараларға белсендірек қатысуға мүмкіндік береді. Үйірмелер мен секция жетекшілері өз жұмыстарын заманауи формалар мен әдістерге сай түрлендіру, АКТ-ны қолдану, ата-аналар жиналысында жарнама беру, мектепішілік, аудандық, облыстық деңгейде өткізілетін іс-шараларға қатысу арқылы оқушыларды барынша көп тартуы қажет.
8. Мектепте 1-11 сынып аралығында 11 сынып комплектісі бар. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, тәжірибелі мұғалімдер. Бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарды.
9. Оқу-тәрбие жұмысының жоспары бойынша атқарылған шаралардың сандық көрсеткіші:

№	Тәрбие бағыттары	2022-2023
1	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу	70
2	Рухани-танымдық тәрбие	36
3	Ұлттық тәрбие	65
4	Отбасылық тәрбие	27
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	13
6	Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	35
7	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	33
8	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	41

Өткен оқу жылдарымен салыстырсақ биылғы оқу жылында басымдықты «Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу», «Ұлттық тәрбие», «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» бағыттарына басымдылық танытылды. Себебі биылғы оқу жылында тәрбиенің проблемасы бойынша жұмыс бірінші бағыт бойынша жүргізілсе, үшінші, сегізінші бағыттар бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Қоғам құндылығы» арнайы жобасы аясында, көптеген жұмыстар жасалынды.

10. Қараой мектеп-балабақшасында «Мектеп-ата-ана - оқушы» үштігі бірлестігіне орай жыл бойы ата-аналармен жұмыстар жүргізілді. Жалпы мектепте жылына 3 рет жалпы ата-аналар жиналысы, 32 рет сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыстың барлығы оффлайн форматта ұйымдастырылды. Ата-аналар түгел дерлік қатысты. Отбасындағы тәрбие мәселесіне байланысты мектебімізде ата-аналар мектебі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Қоғам құндылығы» арнайы жобасы аясында мектебімізде «Әкешім – асқар тауым» әкелер клубы, «Ана-өмір шуағы» аналар мектебі клубтары құрылды. Аталған клубтар бойынша жыл бойы онлайн форматта жұмыстар ұйымдастырылды. Ата-аналар әлеуметтік серіктестік құрылып жұмыстар жүргізілді.

11. Қараой мектеп-балабақшасында оқу жылы бойынша көптеген апталық, онкүндік, айлық жұмыстар ұйымдастырылды. Жұмыстарға барлық сыныптар түгелдей қатысты. Барлық сыныптарда тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар, байқаулар, тб шаралар ұйымдастырылды. Шараларды сынып жетекшілермен бірге тәрбие мамандары да ұйымдастырып отырды. Жүргізілген жұмыстар төмендегі кестеде көрсетілген.

№	Қолданылған әдіс түрі	Қолданылуы
1	Интеллектуалды сайыс	32
2	Дөңгелек үстел	5
3	Сыныптан тыс шара	48
4	Кездесу	9
5	Конференция	2
6	Сайыс	27
7	Сурет байқауы	48
8	Спорттық сайыс	36
9	Пікірталас	7

12. Қорытынды. Қорыта келгенде, сыныптар бойынша тәрбие жұмысы көздеген мақсатқа жетті. Жоспарланған іс-шаралар уақытында ұйымдастырылып, өзкізіліп, талданды.

Қараой мектеп-балабақшасы бойынша 2022-2023 оқу жылында жүргізілген жұмыстар жыл бойы жұмыс жасауға алынған проблема, оны шешу жолындағы мақсат,

міндеттер бойынша жұмыс жүргізілді. Жұмыстар барысында төмендегідей келеңсіздіктер мен сәтсіздіктер орын алды:

- Мектеп оқушыларының кешігуі;
- Ұялы байланыс құралын тиімсіз пайдалану

Келесі оқу жылына тәрбиенің тұжырымдамасы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Қоғам құндылығы» арнайы жобасы негіздерінде алынатын болады.

Қараой мектеп-балабақшасында 2022-2023 оқу жылы бойынша аға тәлімгердің «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. 1 қыркүйек білім күніне байланысты атты салтанатты жиын өтті. Жиынға 1-11 сынып оқушылары, ұстаздар, ауыл әкімі, ардагер ұстаздар және қамқоршылық кеңес мүшелері қатысты. Салтанатты жиында Қазақстан Республикасының Гимн орындалып, Туы кіргізіліп шықарылды.

Мектебімізде Мектеп Президенті және «Жас Ұлан» балалар ұйымының Ұланбасы сайлауы өткізілді. Сайлау қорытындысы бойынша көп дауыс жинаған 10-сынып оқушысы Саурбаев Дәурен Мектеп Президенті, Мырзахан Құндыз Ұланбасы болып тағайындалды. «Мектеп Парламенті» мен «Жас Ұлан» ұйымының жоспары құрылып, сол бойынша жұмыстар жүргізілді. Ай-сайын отырыстар, мектепішілік апталық жиындар ұйымдастырылып отырды. Ұландармен қырандардың күнделікті мектеп формалары, сабаққа кешікпей келуі тексеріліп тұрды. «Мектеп парламенті» мен «Жас ұлан» ұйымының кеңес мүшелері тағайындалып, ұйымының мақсаттары, міндеттері мен ережелері таныстырылды.

11 қазан күні "Өмір қымбатсың маған" атты психологиялық тренинг өтті. Мақсаты: «Өмір», «бақыт» ұғымдарына тереңірек үнілуге ықпал жасау. Өзінде бар құндылықтарды бағалай білуге үйрету; Өмірге құштарлықтарын арттыру; Ұйымдастырушы: Мектеп психологы: Г.Ниязова.

11 қазан күні Халықаралық қыздар күніне орай «Кәусар» қыздар клубының жетекшісі Н. Қойшығұлова "Үлгілі үйдің қыздары" тақырыбында 8-11 сыныптың қыздарымен жиналыс ұйымдастырды. Мектеп миірбикесі Б.Садық қатысып, пікір бөлісті. Сонымен қатар «Жеке бас гигиенасы» тақырыбында баяндама оқып, қыздарымызды тазалыққа шақырды. Шараға МДТДЖО А. Балмұханова қатысып, өз ой-пікірін білдірді. Қыз балаларға ақыл кеңестерін айтып, имандылыққа, инабаттылыққа шақырды.

Халықаралық қыздар күніне орай "Әдемі күл, сыпайы жүр, салу ойла" тақырыбында ұйымдастырылған психологиялық тренинг. Мақсаты: қыздардың бойында қызға тән бейне және қызға тән мінез-құлық, әдеп ережелері туралы

29 қазан күні 7-11 сыныптар арасында "Алтын күз" күзгі бал кеші өткізілді. Мақсаты: оқушылардың күз туралы түсініктерін кеңейту, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін байқату, табиғатты аялауға, қоршаған ортаны қорғауға, әдемілікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Күзгі бал кешінің қорытындысы бойынша "Бас жүлде" 10 класс оқушылары Кенжебайұлы Шапағат пен Жәнібекқызы Ақнұр I орын 11 класс оқушылары Рүстем Дәулет пен Жақсылыққызы Нұрсәуле II орын 7 класс оқушылары Нұрланұлы Ерасыл мен Ғалымова Анелина III орын 9 класс оқушылары Серікқали Нұрдәулет пен Алтайқызы Жанна "Өнерлі жұп" номинациясымен 8 класс оқушылары Жәнібекұлы Шәкәрім мен Хасен Арай марапатталды.

Қараой мектеп - балабақшасында МДТДЖО А.А Балмұханова "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқаны аясында 10 сынып оқушыларына зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы видеороликтер көрсетіліп, ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қараой мектеп - балабақшасының психологі Г.К.Ниязова "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқаны аясында 9-11 сынып оқушыларынан "Зорлық - зомбылық туралы мен не ойлаймын?" тақырыбында сауалнамалар алса, сынып жетекшілері "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында тәрбие сағаттарын ұйымдастырды.

2022 – 2023 оқу жылына арналған кәмелетке жасы толмағандар арасындағы «Құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын – алу» барысындағы бірлескен іс – шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар аясында білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарды әкелуге шек қою, түсінік жұмыстарын жүргізіліп, кешкі мезгілде көшелерді бақылау мақсатында рейдтік іс – шаралар жүргізіліп отырды. «Адам құқығы – бала құқығы» атты 20 - қараша Дүниежүзілік балалар күніне орай онкүндік ұйымдастырылып, ауылдық полиция қызметкерімен кездесу ұйымдастырылып, ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қараой мектеп - балабақшасында 10 сынып оқушылары арасында Дебат үйірме жетекшісі А.А.Сәрсенова "Қауіпсіз интернет" акциясы аясында "Интернет оқу құралын алмастыра алады ма?" тақырыбында дебат ойынын өткізді.

Мектеп психологы Г. Ниязова мектебіміздің 8-11сынып оқушыларына Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын болдырмау Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын болдырмау мақсатында «Буллинг» және "Кибербуллинг" жөнінде кеңес беру және алдын алу ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қараой мектеп - балабақшасында 1 қазан - Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай "Қарттарын қадірлеген - ел ардақты" тақырыбында мектеп кітапханашысы Н. Қойшығұлова мен Н.Тіржанованың ұйымдастыруымен мерекелік кеш өтті. Кештің қонақтары әртүрлі салада қызмет етіп, зейнеткерлікке шыққан ауылымыздағы ақ сақалды аталарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз болды. Кеш барысында қарттарымыз өмір тарихтарына көз жүгіртіп, қызмет салаларындағы бастан кешірген қызықты сәттерін еске алды.

Ұстаздар күні мерекесін орай мектебімізде апталық ұйымдастырылып, әр түрлі шаралар өтті.

25-қазан Республика күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес онкүндік ұйымдастырылып, барлық өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желіге жарияланып отырды. ҚР Тәуелсіздік күні мерекесіне орай "Тәуелсіздік бастауы - желтоқсан" тақырыбында барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өтті.

5-6 сынып оқушылары арасында «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» тақырыбында сурет байқауы өтті.Мақсаты: оқушыларды зиянды заттардан аулақ болуға, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Байқау нәтижесінде 1,2,3 орындармен және алғыс хаттармен марапатталды.

7-14 қараша күндері 7-8 сынып оқушылары арасында «Біз діни экстремизмге қарсымыз!» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушыларды ұлтжандылыққа, патриоттыққа, Отанымыздың тыныштығын сақтауға тәрбиелеу. Байқау нәтижесі 1,2,3 орындармен және «алғыс хаттармен» марапатталды.

МДТЖО А.А.Балмұханова 6-сынып оқушыларымен "Теріс діни ағым жарға жығады" тақырыбында баяндама оқып, діни экстремизм мен терроризм туралы бейнероликтер көрсетті. Мақсаты: қоғамдағы теріс діни ағымдардың бар екенін ұғындыру және жат қылықтан аулақ болуға тәрбиелеу. Дәріс соңында оқушыларды әлеуметтік жеті беттеріндегі діни мәліметтерден, жарнамалардан аулақ болуға шақырды.

18 қараша күні «Әлімжеттік жасау - әлсіздік» тақырыбында дәріс сабақ ұйымдастырылды. Сабақ барысында оқушыларға мектептің ішкі тәртіп ережелері, мектептегі міндеттері мен құқықтары туралы түсінік берілді. Қараой ауылдық полиция инспекторы Ж.Т.Бисенғалиев қатысып, оқушылармен ой бөлісті. Мақсаты: Оқушыларға Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі- бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу екендігін түсіндіру.

21 қараша күні «ЖАСӨСПІМ. ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ. ЖАУАПКЕРШІЛІК» тақырыбында барлық сыныптарда бірыңғай тәрбие сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушыларға өз құқықтарын жете білуге, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге үйрету; құқықтық білімдерін толықтыру, құқық бұзушылықтың алдын алу іс –әрекеттері туралы айту. Адамгершілік, адалдық, әділдік пен мейірімділікке баулу арқылы саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру және еліміздің Ата заңын және басқа заңдарды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу және патриоттық тәрбие беру.

22 қараша күні «Құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» атты онкүндік іс-шаралар жоспары аясында «Ұшқыр ой алаңы» дебат жетекшісі А.А.Сәрсенова «Сенің құқықтарың мен міндеттерің» тақырыбында 8-10 -сынып оқушылары арасында дебат өткізді.

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Менің бір күнім» тақырыбында әлеуметтік желілерде бейнероликтер жарияланды.

Қараой мектеп – балабақшасында 23 қараша күні «Құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» атты онкүндік іс-шаралар жоспары аясында «Жігер» ер балалар клубы мен Қараой ауылдық учаскелік полиция инспекторы Ж.Т.Бисенғалиевпен «Тәртіпке бас иген құл болмайды» кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушылар ішкі тәртіп ережелерін еске түсіріп, топ болып әр түрлі тақырыпта постер қорғады. Оқушылар көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, тұшымды жауап ала білді.

Мақсаты: оқушыларды адам құқықтарына оқыта отырып, түрлі өмірлік жағдайларда өз мүмкіндіктерін жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдай алу әрекеттерін дамыту. Қазақстанның болашағына үлес қоса білетін білімді де, ізденімпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу. Жан-жақты қалыптасып дамыған, қоғамдық белсенділігі артқан, әлеуметтік-толық қамтылған адамгершілігі мол тұлға қалыптастыру.

24 қараша күні Қараой мектеп – балабақшасында 6 – сынып оқушыларына «Теріс діни ағым жарға жығады» тақырыбында баяндама оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Дәстүрлі дінге қайшы ағымдарды қоғамда деструктивті немесе теріс пиғылды діни ағымдардың бар екенін ұғындыру және оларды ажырата білуге тәрбиелеу. Жат ағымдар жетегінде кеткен қаншама қандастарымыз өз жақындарынан, достарынан теріс айналып жатқанын түсіндіре отырып, жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу.

26 қараша күні «Құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» атты онкүндік іс-шаралар жоспарына орай 8-10 сынып оқушылары мен әкелері арасында кездесу кеші ұйымдастырылды. Кездесу М.Алпанованың қызықты психологиялық тренингімен басталып, түрлі қызықты ойындарға жалғасты. Әке туралы видеоролик көрсетілді. Видеоролик бойынша оқушылар мен әкелер пікір алмасып, өз ойларын ортаға салды. Кеш соңында «Әке туралы жыр» әні шырқалып, шараға қатысушы барлық әкелеріміз түрлі номинациялармен марапатталды. Мақсаты: Жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру. Әкеге деген бала махаббатын ояту. Әкенің адам өмірінде алатын орны ерекше екенін түсіндіру. Ата-ананы сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

28 қараша күні 10-сынып оқушылары «Құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» атты онкүндіктің жоспары аясында бейнеролик дайындады.

Ойыл АПБ ЖПҚБ УПИ - полиция аға лейтенанты Ж.Т.Бисенғалиев және Қараой мектеп – балабақшасының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Балмұханованың қатысуымен нашақорлықтың алдын алу, денсаулыққа зиянды заттардан аулақ болу мақсатында «Нашақорлыққа – жол жоқ!» тақырыбында 8-10 сынып оқушыларына дәріс оқылды.

Қараой мектеп – балабақшасында кәмелетке толмағандар арасында есірткі заттарын қолданудың алдын алу мақсатында «Салауатты өмір – жарқын болашақ» тақырыбында барлық сыныптарда тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Мақсаты: адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған есірткінің, темекінің зиянын түсіндіре отырып, оқушыларды саналылыққа, салауатты өмірді таңдауға тәрбиелеу және оларды жаман әдеттерден сақтандыру.

15 – желтоқсан «Тәуелсіздік бастауы - желтоқсан» тақырыбында барлық сыныптарда жоғары деңгейде Тәуелсіздік күні меркесіне орай тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Мектеп кітапханашысы Н.Қ.Қойшығұлова оқушыларға патриоттық тәрбие беру, еліміздің өткеніне, бүгініне, ертеңіне көз жіберіп шолу жасау және өз еліміздің тілін, тарихын, әдебиетін қадыр тұтып, құрметтеу мақсатында «Тәуелсіздік - тұғырым» атты көрме ұйымдастырды.

18 желтоқсан күні мектебіміздегі ақылы үйірмелер жетекшілері мен оқушылары 16-желтоқсан - Тәуелсіздік күні меркесіне орай «Тәуелсіздік - тұғырым» тақырыбында мерекелік кеш ұйымдастырды. «Желтоқсан оқиғасы туралы» қойылым қойып, тәуелсіздікке жету жолындағы құрбан болған желтоқсан құрбандарын еске алды.

27-29 желтоқсан күндері барлық сыныптарда «Қош келдің, Жаңа жыл» тақырыбында жаңа жылдық мерекелік шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

2023 жылдың 25 қаңтар күні жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушылардың спортқа деген қызығушылықтарын арттыру және спорттық ойындарды дамыту мақсатында Қараой мектеп - балабақшасы мен Сапақкөл орта мектебі оқушылары арасында волейболдан 2 рет жолдастық кездесу ұйымдастырылды.

1 ақпан күні "Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық" тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында мектеп психологі Г.Ниязова "Оқушылар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлық ерекшеліктері" тақырыбындағы баяндама оқыса, мектебіміздің әлеуметтік педагогі М.Алпанова "Қазіргі жасөспірімдердің жыныстық ерекшеліктері және әлеуметтік желідегі кибербуллинг" тақырыбында ата - аналармен ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ойыл АПБ-нің ЖПҚ УПИ полиция аға лейтенанты Ж.Т.Бисенғалиев "Жасөспірімдер арасындағы зорлық зомбылықтың, қатыгездіктің алдын алу" бойынша тоқталып өтті. Сонымен қатар мектеп формасы мен смартфон телефондарын ұстамау туралы сөз қозғалды.

02 ақпан күні 7-10 сынып оқушылары арасында мектепшілік волейбол жарысы ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Жарыс нәтижесі бойынша 1-орын – 10-сынып, 2-орын – 9-сынып оқушылары, 3-орын – 8-сынып оқушылары. Алғыс хатпен 7-сынып оқушылары марапатталды. Ұйымдастырушы: волейбол үйірме жетекшісі І.Н.Базанов.

2023 жылдың 02 ақпан күні облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығының ұйымдастырумен «Қысқы уақыттағы қауіпсіздік» тақырыбында қашықтан облыстық сабаққа мектебіміздің барлық оқушылары, сонымен қатар әлеуметтік педагог, мектеп мейірбикесі және сынып жетекшілері қатыстырылды.

07 ақпан күні мектеп психологі Г.Қ.Ниязова мектебіміздің 8-11 сынып оқушыларына «Буллинг» және «Кибербуллинг» жөнінде кеңес беру және алдын алу ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын болдырмау.

Қараой мектеп – балабақшасында 15–23 ақпан аралығында мектеп кітапханашысы Н.Қ.Қойшығұлова «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітаппен жарық әлемге» атты онкүндік өткізді. Мақсаты: жеке тұлғаны жан-жақты болуға, тәрбиелей келе оқушыларды шығармашылыққа, ізденімпаздыққа баулу және сахна мәдениетін, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. 15 ақпан күні 1 сынып оқушылары жетекшілері Б.Әлимағанбетпен «Үйшік» ертегісінен қойылым көрсетті. 16-17-18 ақпан күндері 2,3,4-сынып оқушылары «Қағаз қалпақ», «Шатақ қыздың шатпақ күнделігі», «Балаларға арналған ертегілер» атты кітаптарын ортаға салып, сахналап көрсетті. 21 ақпан күні 5-сынып оқушылары «Алдаркөсе», 8-сынып оқушылары «Нағыз әже қайда?» кітаптарын оқып, сахналық қойылым көрсетті. Сонымен қатар Д.Исабековтің «Гаухар тас», Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар», Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романын сахналады.

14 ақпан күні Мұқағали Мақатаевтың туғанына 92 жыл толуына орай 1-4 сынып оқушылары арасында «Поэзия менімен егіз бе едің?» атты ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.

15 ақпан күні құқықбұзушылықтың алдын алу жоспарына сәйкес «Достық күні» өтті. Оқушылар дос және достық туралы ой бөлісіп, топтастыру жұмыстарын жүргізді.

27 ақпан күні 1-наурыз алғыс айту күні мерекесіне орай Мектеп парламенті және «Қоғамға қызмет» еріктілер тобының мүшелері «Алғыс бата ал!» акциясы аясында жалғызбасты, зейнеткерлердің үйлеріне барып, қар тазалау жұмыстарын жүргізіп, қол көмектерін көрсетті. «Алғыс айту парызым» тақырыбында барлық сыныптар қабырға газеттерін шығарды. Мектеп фойесіне «Ұстазыма мың алғыс» алғыс жәшіктері орналастырылып, оқушылар ұстаздарға өздерінің жылы лебіздері мен алғыстарын білдірді. Дәліз бойында «Алғысым шексіз сіздерге!» тақырыбында мерекелік құттықтау шарасы өтті. МДОҰЖО Г.С.Жарбакиева құттықтау сөз сөйлеп, алғысын білдірді. Шара әр сыныптың құттықтау тілектерімен жалғасты.

1 наурыз – Алғыс айту, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні, 22 наурыз – Наурыз мерекелеріне арналған іс-шаралар жоспары аясында Мектеп Парламенті және "Қоғамға қызмет" еріктілер тобының мүшелері "Алғыс-бата ал!" акциясы аясында жалғызбасты, зейнеткерлердің үйлеріне барып, қар тазалау жұмыстарын жүргізіп, қол көмегін көрсетті. Барлық сыныптарда «Алғыс айту парызым...» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаты өтіп, құттықтау қабырға газеттері дайындалды. Сонымен қатар барлық сыныптар алғыс айту челленджін сыныптан сыныпқа жолдады.

3-наурыз «Сауқу» күніне орай «Мектеп парламенті» өзін – өзі басқару ұйымы оқушылары мен «Қоғамға қызмет» еріктілер клубы түшелері бірлесіп, ауыл тұрғындары мен мекеме қызметкерлеріне ұлттық тағамымыз – БАУЫРСАҚТАН дәм татқызып, үлестірді.

5-наурыз күні «Бәр де, Ана, бір өзіңнен басталады» атты «Домбыра дастан» үйірмесінің 8-наурыз аналарға арналған кеш өтті. Кеш Қадыр Мырза Әлінің «Ана» өлең жолдарымен басталды. Кеш барысында үйірме оқушылары өз өнерлерін көрсетіп қана қоймай, Аналарымызға керемет көңіл күй сыйлады.

06 наурыз күні мектеп кітапханашысы Н.Қ.Қойшығұлова «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында Қараой мектеп – балабақшасының оқушыларының аналармен «Ана қолындағы кітап» атты челленджін ұйымдастырды. Сонымен қатар барлық сыныптарда 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай «Аналарды ардақтау – асыл дәстүр» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

07 наурыз күні «Гүл сыйлайық әйелге» акциясы аясында «Зерлі жіп үйірме оқушылары өз қолдарымен жасалған гүлдерді көшедегі қыз келіншектер мен ардақты да аяулы асыл аналарымызға таратты.

07 наурыз күні жұмыс жоспарына сәйкес "Ұмытыла бастаған ұлттық тағамдар" көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге әр сынып ұмыт бола бастаған ұлттық тағамдарды дайындап, жасалу жолдарын түсіндіріп өтті.

Қараой мектеп -балабақшасында 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай АӘД пәні мұғалімі Е.Сағынбек "Мерген ару-2023" пневматикалық мылтық ату сайысын өткізді. Сайыс мақсаты: ұстаздар арасында әскери-қолданбалы спорт түрін дамытуды насихаттау, ұжымның бірлігін арттырып, мереке алдында ұстаздарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.

8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай аналарды құрметтеу, дәріптеу мақсатында "Тарихи - өлкетану" үйірме жетекшісі Г.А Жұмағазиева алтын құрсақты, көп балалы, елге сыйлы, ардагер ұстаз аналарымыз бен аулдың белсенді жас келіндерінің қатысумен "Адамзаттың асылы-ана" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Дөңгелек үстел барысында өмір жолдары, отбасындағы бала тәрбиесі туралы сөз қозғалып, ана туралы әндер шырқалды.

Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесіне орай "Армысың, әз Наурыз!" атты мерекелік шарасы өтті. Сонымен қатар "Ұмытыла бастаған ұлттық тағамдар" көрмесі ұйымдастырылды және «Асық ату», «Тоғызқұмалақ» сынды ұлттық ойындар ойнатылды.

Қараой мектеп – балабақшасында мектеп кітапханашысы Н.Қ.Қойшығұлова «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітаппен жарық әлемге» атты онкүндік өткізді. Мақсаты: жеке тұлғаны жан-жақты болуға, тәрбиелей келе оқушыларды шығармашылыққа, ізденімпаздыққа баулу және сахна мәдениетін, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Онкүндік барысында барлық сынып жас ерекшеліктеріне сәйкес кітап алып, оқиға желісімен сахналық қойылым көрсетті.

Қараой мектеп-балабақшасында Ақтөбе облыстық білім басқармасының №1/798 хаты негізінде 15-наурыз Дүниежүзілік тұтынушылардың құқықтарын қорғау күніне орай 9-11 сынып оқушыларына Қараой ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы Ж.Т.Бисенғалиевпен кездесу өткізілді. Кездесу барысында интернет магазиндеріне тапсырыс беру арқылы тауарлар алдыру барысында орын алуы мүмкін жағдайлардың алдын алу кезінде жіберілетін қателіктерді жібермеу туралы түсінік беріліп, өз құқықтарын қорғауға және сауатты тұтынушы болуға шақырды.

1,7,9 мамыр меркелеріне орай апталық қойылып, жоспар бойынша барлық шаралар ұйымдастырылып, әлеуметтік желіге жарияланды.

Мектеп психологі Г.Ниязова мен аға тәлімгер Н.Тіржанова Халықаралық Отбасы күніне орай 1-2 сынып оқушылары мен ата-аналары арасында "Әкем, шешем және мен" атты отбасылық спорттық жарысын өткізді.

ҚР Қорғаныс министрлігінің және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 12.07.2017 жылы қабылданған №347 "Алғашқы әскери даярлық сабағын оқыту қағидаларын бекіту туралы" бірлескен бұйрығына, алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің бағдарламасына сәйкес, Қараой мектеп - балабақшасының 10-сынып оқушыларымен оқу-далалық жиындар өткізілді.

Ақтөбе облысының білім басқармасы білім алушылар арасында өрт қауіпсіздігі мен балалардың жарақаттануының және суға шомылу маусымы уақытында су айдындарында суға кетуді болдырмау мақсатында 17-24 мамыр аралығында "Өрт қауіпсіздігі мен "Судағы қауіпсіздік" апталығы өтті. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен Ойыл АПБ ЖПҚБ УПИ - полиция аға лейтенанты Ж.Т.Бисенғалиев оқушыларға су, өрт қауіпсіздігі туралы ережелермен таныстырып, қауіпсіздік шаралары туралы жаднамалар таратты. Сонымен қатар барлық сыныптарда жылдық қорытынды ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, ата-аналарға сақтық шаралар, балалардың өмір қауіпсіздігі туралы түсінік жұмыстары жүргізіліп, қолхаттары алынды.

Қыркүйек айында жалпы жылдық жоспар құрумен басталды. «Жас Ұлан» балалар ұйымының мектепшілік жылдық жоспары құрылды.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жоспары негізінде аптасына және күнделікті жасалынатын жұмыстары бекітілді.

5 қыркүйек тілдер меркесіне орай «Тіл-ұлттың байлығы» атты 5-сыныптар арасында эссе байқауы өтті.

23 қыркүйек күні қоршаған ортаны қорғау мақсатында «Табиғатты қорғау-болашақты қорғау» тақырып аясында сенбілік, тазалық жұмыстары мектеп ауласына жүргізілді.

1 қазан-Қарттар мерекесіне орай «Ата мен әже-ісі бізге өнеге» тақырыбында бейнеролик байқауы өтті.

«Ұстаз-мектептің жүрегі» тақырыбында «Жас Ұлан» балалар ұйымы және мектеп оқушылары бірігіп, мерекелік концерт ұйымдастырды. Мерекелік концертке ауыл әкімі: А.Өтегенұлы, ардагер ұстазымыз-Н.Құлымжанова және мектеп мұғалімдері келіп, оқушыларға ыстық лебіздерін білдірді.

Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында нейро жаттығуларды қайталау ойындары ұйымдастырылды.

«Абайландар балалар!» тақырыбында жолда жүру ережелерін таныстыру сабағы өткізілді. Мақсаты: оқушыларға жолда жүру ережелерін таныстыра отырып, жолда жүру мәдениетіне, жол ережелерін бұлжытпай орындауға, сақтыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке, өзара достыққа тәрбиелеу.

25 қазан-Республика күніне орай 5-11 сыныптар арасында «Тәуелсіздік-болашағым» тақырыбында патриоттық ән байқау сайысы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың туған еліне, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру, мектеп ішіндегі өнерлі оқушыларды ұлттық патриотизмге тәрбиелеу. Жарыс нәтижесі бойынша жоғары буын оқушылары арасынан 9 сынып-1 орын, 2 орын-10 сынып, 3 орын-11 сынып оқушылары марапатталса, орта буын бойынша 8 сынып-1 орын, 7 сынып-2 орын, 6 сынып-3 орын, 5 сынып оқушылары алғыс хатпен марапатталды.

25 қазан-Республика күніне орай 1-4 сыныптар арасында «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың туған еліне, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру, мектеп ішіндегі өнерлі оқушыларды ұлттық патриотизмге тәрбиелеу. Жарыс нәтижесі бойынша 1,2,3 дәрежелі дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталды.

Күнделікті оқушыларды түгендеу, себепсіз қалған оқушылардың сынып жетекшілеріне ескертіп отыру, сөйлесу, күнделік тексеру сынды күнделікті жұмыстар уақытымен жасалынып отырды. 23 қараша күні «Құқықтық сауаттылық- заман талабы» онкүндік аясында 8-11 сынып оқушыларынан «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында

сауалнамалар алынды. Қоңырау уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында 2-3 сынып оқушыларына «Көбелек», «Саңырауқұлақ» суреттерін бояу тапсырмасы берілді. Сол сияқты 5-6 сынып оқушыларына «суретті сөзжұмбақтарды» шешу тапсырмалары берілді.

13 желтоқсан күні -Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесіне орай 2 сынып оқушыларын «Жас Қыран» және 5 сынып оқушыларын «Жас Ұлан» ұйым қатарына қабылдау салтанатты жиыны өтті. Жиынға ауыл әкімінің бас маманы Н.Айсаұлы және МДТДЖО:А.Амандыққызы, кәсіподақ төрағасы Ә.Өтепов сынды қонақтар келіп оқушыларымызға галстук, значок тақты. Жиын соңында қонақтар, сынып жетекшілері қабылданған ұландарға бойларына үлкен жауапкершілік артқандарын айта келіп, тілектерін тіледі. Алдағы уақытта үлгілі, тәртіпті оқушы болуға, қоғамдық жұмыстарға белмене араласып, өзге оқушылардан ерекше болуға шақырды.

Оқушылардың қысқы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында 1-4 сынып оқушылары арасында «Қысқы галерея» тақырыбында сурет көрмесі өтті. Бастауыш сынып оқушылары сурет көрмесіне белсене қатысып, мақтау қағазы және алғыс хатпен марапатталды.

29 қаңтар күні 9-10 сынып оқушылары арасында «Біз - спортшылармыз!» тақырыбында қысқы эстафеталық жарыс өткізілді. Мақсаты: оқушылардың спортқа деген қызығушылықтарын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Жарыс нәтижесі бойынша оқушылар 1,2,3 орындармен марапатталды.

7 ақпан күні 1-4 сынып оқушылары арасында «Мамандықтар әлемі» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдету. Мамандық түрлерімен таныстыру. байқау нәтижесі бойынша оқушылар 1,2,3 орындармен марапатталды.

1 наурыз –«Алғыс айту» мерекесіне орай кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 2023 жылға арналған кешенді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Қамқорлық» күніне орай «Үлкеннің кішіге қамқорлығы», «Адамның өсімдікке қамқорлығы» тақырыбында видеороликтер дайындалды.

12 сәуір-Ғарышкерлер күні. Осы күнге орай мектебімізде талантты жас суретшілер арасында "Біз және ғарыш" тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. Оқушыларымыз өз шеберліктерін көрсетіп, қиялмен ғарыш әлемін бейнеледі. Жақсы нәтиже көрсеткен оқушыларымыз жүлделі орындармен және алғыс хаттармен марапатталды.

9 мамыр-Ұлы жеңіс күні. Бұл мереке-жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы болған Жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы - осы мерекенің жемісі. Бүгінгі ұрпақ аға буын-ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек. Бейбіт күннің батырларына жігер мен рух, меркелік көңіл -күй сыйлау мақсатында 1-10 сынып оқушылары арасында "Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс" атты патриоттық әндер байқауы өткізілді.

15-мамыр Халықаралық Отбасы күніне орай 1-2 сынып оқушылары мен ата-аналары арасында "Әкем, шешем және мен" атты отбасылық спорттық жарысы өткізілді. Жарысқа 4 отбасы қатысты. Олар: Имұқановтар отбасы, Ысықбаевтар отбасы, Құмаровтар отбасы, Сағынбековтар отбасы. Жарыс барысы мектеп психологі Г.Ниязованың "Бақытты бала-отбасы айнасы" тақырыбында қызықты психологиялық тренингімен бастап, жарысқа қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Ойын барысы кедергілер арқылы орындалатын спорттық ойындармен жалғасты. Жарыс соңында отбасылар марапатталды.

Қорытынды ұйым мүшелерімен отырыс жасалып, іс-шаралар талқыланды.

Тамыз айынан бастап әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары құрылды. Жылдық жоспар бойынша тамыз айынан бастап «Мектепке дол акциясы» аясында мектепшілік құрылған мобильдік топпен бірлесе отырып, мектептегі әлеуметтік жағдайлары төмен оқушыларға көмек берілді, оқушылардың мектепке дайындығын анықталды. Оқу жылының басынан бастап әр санатқа жекеленген 35 оқушы бір мезгілдік тегін ыстық тамақпен қамтылды. Қыркүйек айында «Мектептегі бала құқығы» атты тақырыбында оқушылар арасында түсідірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Бала құқықтары, оларды сақтау, өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру оларды жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру. Қазан айында Республика күні мерекесіне орай «Жаңашыр жүрек» акция аясында «Қайырымдылық пен мейірімділік» тақырыбында қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылып мектептің қайырымдылық фракция мүшелерімен бірге мектебіміздің ерекше білімді қажет ететін оқушылардың үйлеріне барып ыстық лебіздерін білдіріп, шағын сыйлықтарын тарту етті. Қазан айында орта буын сыныптар арасында «Отбасылық қарым- қатынас» тақырыбында эссе жазылды.

Мақсаты: оқушыларға отбасы туралы мағлұмат бере отырып, отбасын құрметтеуге, ата-анасын сыйлауға, кішіге қамқор тату болуға тәрбиелеу. Қараой мектеп - балабақшасында 5-6 сыныптар арасында сонымен, қатар ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен бірге "Білгіштер бекеті" атты интеллектуалды сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты: оқушыларға өз бетімен жұмыс істеу, қабілеттерін арттыру, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Топтық сайыс барысында оқушылар қызығушылықпен белсене қатысты. Сайыс нәтижесінде I, II орынмен марапатталып сыйлықтар берілді. Қараша айында 7-11 сынып оқушылары арасында « Мен және менің дінге көз қарасым» тақырыбында сауалнама алынды. Мақсаты: оқушылардың дінге деген көзқарасын анықтау. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Ойыл ауданының жекелеген оқушылары «Анвар» ЖШС атынан жаңа жылдық сыйлықтар мен ойыншықтар таратылды. Қаңтар айында «Адал дос бола білейік» 8-11 сыныптар арасында тренинг өтті. Мақсаты: Адамның бойында болатын достық сезім қасиеттері де қастерлі сезім екендігіне көз жеткізу. Достық сезімді бойларына сіңіріп, оған басшылық жасай білуге тәрбиелеу, досқа деген адалдық, шексіз ықылас сезімдерін бағалай білуге және адал достықты жалған достықтан айыра білуге тәрбиелеу. Ақпан айында «Мен өмірді сүйемін» атты дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Балалардың «өзін-өзі тану» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. 22 - Наурыз мерекесіне орай Ойыл ауданының жеке кәсіпкері Әліп Күлжамал тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушыларға сыйлықтар тарту ету. Сәуір айында ата-аналар жиналысында «Қазіргі жасөспірімдердің жыныстық ерекшеліктері және әлеуметтік желідегі кибербуллинг» атты баяндама оқылды. Жоспарға сәйкес мектеп асханасында айына бір рет тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мектеп асханасының жұмысына тексеру жүргізді. Мамыр айында оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты анықтау мақсатында «Отбасымдағы өз ойым, өз орным» сауалнамасы алынып, қорытындысы шығарылды.

2022-2023 оқу жылында психологиялық қызмет бойынша келесідей жұмыстар атқарылды. **Диагностика бағыты бойынша:** бірінші сынып оқушыларының мектепке дайындығын бағдарлау тесті алынды К.Йирасек және “Менің класым” жобалау тесті алынды. Нәтижесіне оқушылар мектепте оқуға психологиялық тұрғыдан дайын. 1,5 сынып оқушыларынан «Менің сыныбым» әдістемесі алынды. Нәтижесінде оқушылармен педагогтың арым-қатынасы жақсы екені анықталды. 1-4 сынып аралығында «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі, 5-сынып оқушыларының әлеуметтік психологиясын анықтау мақсатында «Отбасы суреті» тесті алынды. Агрессия түрін анықтауға арналған 6-11 сыныптардан Басса-Дарки сауалнама алынды. Қазан айында “Менің класым” суреттік

тесті алынды. Оқушылардың мектепке бейімделуін анықтау мақсатында алынды. 5-7 сыныптардан Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында Р.Гудман сауалнамасы алынды. 8-11 сыныптардан қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау мақсатында DASS сауалнамасы алынды. 6-7 сынып оқушыларынан қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау мақсатында Зунге сауалнамасы алынды. Қорытындысы бойынша депрессиясы, стресі орташа, қастандыққа жақын оқушылармен жартылай сұхбаттар жүргізіліп, түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп отырды. Наурыз айында Дасс сауалнамасы қайта алынды. Мақсаты: қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау. Нәтижесінде оқушылардың қорқыныш, стресс, депрессия деңгейі орташа, қалыпты деңгейді көрсетті. Сәуір айында Э.Ф.Замбавичене әдістемесі алынды. Мақсаты: оқушылардың біліктілік деңгейін зерттеу. Мамыр айында «Сенің кәсіптік мақсаттарың» сауалнамасы 9 сыныптан алынды. «Кактус» жобалау әдістемесі 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін зерттеу жүргізілді. 7 сынып оқушыларына үлкен психологиялық «Калейдоскоп» ойыны жүргізілді. Қараша айында 5-11 сынып оқушыларынан Социометрия (Дж.Морено) қарым-қатынасты анықтауға арналған әдістеме жүргізілді. Нәтижесінде сыныптың лидерлері анықталды.

Дамыту-түзету жұмысы бойынша: Психомоториканы дамыту мақсатында 1-4 сынып оқушыларына түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар. (Т.В.Артемяева) Бастауыш сынып оқушыларына «Тында және орында», «Бұзылған телефон», Ассоциация, «Корректуралық тапсырмалар», «Жасырынып тұрған сөздерді тап», «Аспан-жер-су» «Сөйлемдерді құрастыру», «Сәйкестендіру» жаттығулары жүргізілді.

Профилактика және психологиялық ағарту жұмыстары бойынша: 5 сынып оқушыларына «Із кезуші» атты психологиялық акция, 6 сынып оқушыларына «Құпия дос» психологиялық акция, 7 сынып оқушыларына «Біз буллингке қарсымыз» челленджі, 5-8 сынып оқушыларына «Ұйқыдағы қала» психологиялық жоба ойыны өткізілді. 9-11 сынып оқушыларына «Емтихан» іскерлік ойыны жүргізілді. 9 сынып оқушыларына «Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингін зерделеу бағытының алдында стрестің алдын-алу жолдары», ҰБТ-ға баратын оқушылардың қорқыныш сезімдерін басу мақсатында кеңес беріліп жаднама таратылды. 11 сынып оқушыларына «Сенімділік – менің серігім» атты тренинг өткізілді. «1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі», «Оқушылардың 5 сыныпқа бейімделуі», «Әлеуметтік желідегі кибербуллинг» тақырыбында ата-аналармен жиналыс өткізілді. Қыз балаларға ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Ерте жүктіліктің нәтижесі», «Қызым үйде қылығы түзде», «Ерте жүктілік несімен қауіпті» атты дөңгелек үстел. «Қыз бала әдебі», «Ерте жүктілік деген не? Ерте жүктілік - болашаққа балта шабу», «Ерте жүктіліктің салдары» атты тақырыбында қыз балалармен жұмыстар жүргізілді. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Қыз тәрбиесі ұлт тәрбиесі» атты ата-аналарға арналған жұмыстар жүргізілді. ҰБТ-ға баратын оқушылардың қорқыныш сезімдерін басу мақсатында кеңес беріліп жаднама таратылды. Ата-аналарға мамандық таңдау бойынша кеңестермен ұсыныстар берілді. ҰБТ тапсыратын оқушыларға «Емтиханда өзінді ұстау ережесі» жаттығулар өткізілді. Жоспар бойынша жаңадан келген оқушыларға психологиялық кеңестер беріліп отырды. 1-5 сынып оқушыларына бейімделуге байланысты кеңестер беріліп отырды. Топтық және жеке кеңестер берілді. Тесттің қорытындысы бойынша депрессиясы, стресі орташа, қастандыққа жақын оқушылармен жартылай сұхбаттар жүргізіліп, түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп отырды.

Оқу жылы жетістіктері

Балалар жылына орай 11 қараша күні "Шұғыла" мәдениет және демалыс орталығының ұйымдастыруымен өткен «Алтын күз» аудандық байқауына белсене

қатысып, жоғары деңгейде өнер көрсеткені үшін «Креативті жұп» номинациясымен 7-сынып оқушылары Нұрланұлы Ерасыл мен Ғалымова Анелина марапатталды. Жетекшілері: Н.Тіржанова, А. Сәрсенова.

Ойыл ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен “Абайдың “Толық адам” философиясы “ тақырыбында өткен облыстық дебат турнирінің аудандық іріктеу кезеңінен мектебіміздің 9-сынып оқушылары құрамымен Риторика фракциясы (Бауыржанқызы Кәусар мен Кеңес Альбина) жүлделі ІІІ орынды иеленді.

Ойыл ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен Ұлттық пікірсайыс облыстық турнирінің аудандық іріктеу кезеңіне қатысқаны үшін мектебіміздің оқушылары Бауыржанқызы Кәусар мен Хасен Арай қатысып, алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі: Сәрсенова Айсәуле Айсақызы.

Аудандық ХХІІІ Спартакиада бағдарламасы бойынша жалпы білім беретін мектептердің 5-6 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы былғары доп жарысында мектебіміздің қыз балалары командалық есепте жүлделі І орынға ие болып, ОБЛЫСҚА ЖОЛДАМА алды. Жетекшісі: І.Базанов. Облыстық кезеңге қатысып, қыз балаларымыз жүлделі орынға ие бола алмады.

2023 жылдың 03 мамыр күні Ойыл аудандық білім бөлімі мен Ойыл қазақ орта мектебінің ұйымдастыруымен "Кітаптар әлемінде " атты REDx форматындағы оқушылар арасындағы байқау өтті. Байқауға мектебіміздің 8-сынып оқушысы Серікбаева Мадина мен 9-сынып оқушысы Бауыржанқызы Кәусар қатысып жүлделі бірінші орынға ие болды. Жетекшісі мектеп кітапханашысы Н.Қ.Қойшығұловаға шипажайға жолдама берілді.

Аудандық ХХІІІ Спартакиада бағдарламасы бойынша мектеп оқушылары арасында үстел теннисі өткен Ұлттық мектеп лигасында мектебіміздің оқушылары жүлделі 2-орынды иеленді. Жетекшісі: Базанов Ізмұқан Наурызбайұлы.

«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен «Күй құдірет» атты облыстық жас күйшілер байқауына Ойыл ауданы бойынша мектебіміздің 8-сынып оқушылары Жәнібекұлы Шәкәрім мен Еркінжан Бекнұр қатысып, сертификатқа ие болды.

Аудандық шағын футболдан 2010-2011 жылы туылған жасөспірімдер мен қыздар арасында өткізілген аудандық спартакиадаға қатысып, командалық есепте мектебіміздің қыз балалары жүлделі І орынға ие болды. Жетекшісі: І.Базанов.

Тәрбие жұмысы бойынша 2022-2023 оқу жылына осылай қысқаша шолу жасай келе, барлық іс-шаралар өз деңгейінде ұйымдастырылып отырды деп есептеймін. Тыңдағандарыңызға рахмет. Ендігі жұмыс жазғы демалыс лагерімен жалғаспақ. Алдағы уақытта да жұмыстарымызды жүйелеп жандандыратын боламыз.

7) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі); 2022-2023 оқу жылында ерекше білімді қажет ететін оқушылар 3 сыныпта –1 оқушы, 5 сыныпта -1 оқушы

3 -сынып оқушысы Өтеген Бекнұр Айбекұлы, диагнозы «ДЦП» «ЗПР» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 10-қосымша оқытылды.

5-сынып оқушысы Ерболатұлы Нұрқанат, диагнозы «ЛҰО» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 7 қосымшасына сәйкес оқытылды.

Өтеген Бекнұр Айбекулы

Жылы	Классы	пәні	мұғалімі	МЖМБС	Оқу бағдарламасы
2022-2023	3	Қазақ тілі Оқыту және тіл дамыту Математика Орыс тілі Айналадағы әлем Қол еңбегі Жеке даму сабақтары	Аужанова Д Аужанова Д Аужанова Д Аужанова Д Аужанова Д Аужанова Д Ниязова Г	ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 10 қосымша типтік оқу жоспары	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары
2022-2023	5	Қазақ тілі Қазақ әдебиеті Математика Орыс тілі мен әдебиеті Жаратылыстану Информатика Көркем еңбек Дене шынықтыру Музыка	Утепова М Утепова А Ғарифулла с Абдраимова Г Өтеп Ә Балмұханова А Досанов А Досниязов К Дауова А	ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 7 қосымша типтік оқу жоспары;	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығымен, 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

8) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезенге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

10-сыныпта 1 сағат «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» қосымша оқу-жаттығу жиындарын өтуге берілді.

1-11 сыныптардағы вариативті компонент сағаттары негізгі сабақ кестесіне кіргізіліп, оқытылды.

2022-2023 оқу жылында вариативті компонент есебінен төмендегі курстар енгізілді:

№	Мектебі	Вариативтік компонент тақырыбы	Сыныбы	Пән мұғалімдері	Санаты
1	Қараой мектеп -	Математика және логика	1	Әлимағанбет Бағдат	Педагог-сарапшы

	балабақшасы				
2	Қараой мектеп - балабақшасы	Математика және логика	2	Мухтарова Гульмира	Педагог-зерттеуші
3	Қараой мектеп - балабақшасы	Математика және логика	3	Құмарова Айнұр	Педагог-модератор
4	Қараой мектеп - балабақшасы	Математика және логика	4	Жангазиева Ұлмекен	Педагог-сарапшы
5	Қараой мектеп - балабақшасы	Жаһандық құзіреттіліктер	5	Утепова Мұстахима	Педагог-зерттеуші
6	Қараой мектеп - балабақшасы	Жаһандық құзіреттіліктер	6	Утепова Мұстахима	Педагог-зерттеуші
7	Қараой мектеп - балабақшасы	Жаһандық құзіреттіліктер	7	Кулекешова Айнур	Педагог-зерттеушілер
8	Қараой мектеп - балабақшасы	Жаһандық құзіреттіліктер	8	Кулекешова Айнур	Педагог-зерттеуші
9	Қараой мектеп - балабақшасы	Жаһандық құзіреттіліктер	9	Копбаев Елеусін	Педагог-зерттеуші
10	Қараой мектеп - балабақшасы	Жаһандық құзіреттіліктер	10	Досанов Айдар	Педагог
11	Қараой мектеп - балабақшасы	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша оқу - дала жиыны	10	Сагынбек Еркебулан	Педагог
12	Қараой мектеп - балабақшасы	Қаржылық сауаттылық	10	Досанов Айдар	Педагог
13	Қараой мектеп - балабақшасы	Жаһандық құзіреттіліктер	11	Досанов Айдар	Педагог
14	Қараой	Жалпы	11	Дәнекєрова	Педагог-

	мектеп - балабақшасы	биология		Назгүл	модератор
15	Саға мектеп - балабақшасы	Физикалық есептер	11	Таласқалиев Ерболат	Педагог-сарапшы

9,11-сыныптарда жыл соңында қорытынды аттестаттау жүргізіліп отырды.

Оқу жылы	Сыныбы	Оқушы саны	Пәні	«5»	«4»	«3»	«2»	%
2022-2023	9	18	Математика	5	5	8		55,5
		18	Қазақ тілі	5	8	5		72,2
		18	Орыс тілі	6	7	5		72,2
			География	7	6	5		72,2
	11	8	Алгебра және АБ	4	3	1		87,5
		8	Қазақстан тарихы	3	4	1	-	87,5
		8	Қазақ тілі	5	2	1	-	87,5
			Биология	5	2	1	-	87,5
		8	Орыс тілі	3	4	1	-	87,5

2) 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау;

2022-2023 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» талаптары сақталды. Үй тапсырмасының уақыты әр сыныпқа белгіленген уақыттан асып кеткен жоқ. Осы орайда мұғалімдерге ескерту жасалды, өйткені, «Күнделік.кз» электронды журналында үй тапсырмасының уақытын барлығы бірдей көрсетпеген.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлармен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған. Модерация хаттамалары жинақ папкаларында жасақталған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған. Мектеп директорымен бекітілген модерация отырысының мүшелер тізімі жасалған.

2022-2023 оқу жылынан бастап 1-11 сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алды.

Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы балдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес.

мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.» делінген.

2022-2023 оқу жылында барлық сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары тексерілді.

1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 373 бұйрығының 14 –тармағына сәйкес бағаланған жоқ.

2022-2023 оқу жылында ай сайын күнделік тексеріліп, уақытылы кемшіліктер ескертіліп отырылды.

4) МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу талаптарын орындау:

Инклюзивті білім беруді дамытуды әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мыналар көздейді:

- Жалпы білім беру процесіне ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар қосу аясында оларды әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, мүмкіндігі шектеулі балаларды кіріктіре оқыту және инклюзивті білім беру негіздерін әдіснамалық және оқу әдістемелік әзірлеу;
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың (оқу процесін ұйымдастыру жағдайларына қойылатын талаптар, базалық пәндер және оқыту пәнінің нәтижелері бойынша дағдылар, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар) оқу бағдарламаларын, оқу жоспарларын бейімдеу;
- Инклюзивті білім беру жағдайында оқушының оқу жетістіктерін бағалаудың критериялды жүйесін бейімдеу, ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту нәтижелерін бағалау және мониторингілеу жүйесін әзірлеу;

2022-2023 оқу жылында

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы және 08.06.2022 жылғы № 23688 «Облыстық психологиялық – медициналық – педагогикалық консультация» КММ, 08.06. 2022 жылғы Ойыл аудандық ауруханасының жанындағы дәрігерлік –консультациялық комиссиясының қорытындылары негізінде 2004 жылы туылған 9 сынып оқушысы Жамбылова Заринаны ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша бейімдеп оқыту ұйымдастырылады.

2023-2024 оқу жылында

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы және 08.06.2023 жылғы № 25664 «Облыстық психологиялық – медициналық – педагогикалық консультация» КММ, 07.09. 2022 жылғы Ойыл аудандық ауруханасының жанындағы дәрігерлік –консультациялық комиссиясының қорытындысы негізінде 03.04.2018 жылы туған Ербол Әміре, 08.06.2023 жылғы 25663 «Облыстық психологиялық – медициналық – педагогикалық консультация» КММ, 07.09. 2022 жылғы Ойыл аудандық ауруханасының жанындағы дәрігерлік –консультациялық комиссиясының қорытындысы негізінде 26.11.2017 жылы туған Кәдірғали Нұркелді, 08.06.2023 жылғы № 25665 «Облыстық психологиялық – медициналық – педагогикалық консультация» КММ, 07.09. 2022 жылғы Ойыл аудандық ауруханасының жанындағы дәрігерлік –консультациялық комиссиясының қорытындысы негізінде 23.08.2018 жылы туған Кәдірғали Нұрислам, 08.06.2023 жылғы № 25666 «Облыстық психологиялық – медициналық – педагогикалық консультация» КММ, 07.09. 2022 жылғы Ойыл аудандық ауруханасының жанындағы дәрігерлік –консультациялық комиссиясының қорытындысы негізінде 10.07.2018 жылы туған Тұрғали Ясмينا ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша бейімделген оқыту ұйымдастырылады. Бұл балалармен тәрбиеші Қойшығалиева Гулжихан жұмыс жасайды. Мектеп психологы оқушының сабағына кіріп және де сауалнамалар алып, тренингтер өткізіп, оқушыны зерттеді. Оқушы үнемі мектепшілік бақылауда, оқушының ата – анасы мектеппен тығыз байланыста.

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы және 19.12.2022 жылғы № 24758 «Облыстық психологиялық – медициналық – педагогикалық консультация» КММ, 29.12. 2022 жылғы Ойыл аудандық ауруханасының жанындағы дәрігерлік –консультациялық комиссиясының қорытындылары негізінде 2015 жылы туылған 2 сынып оқушысы Орынғали Айзерені ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша бейімдеп оқытылады. Бұл баламен мектепте сынып жетекшісі Кусаинова Самал жұмыс жасайды. Мектеп психологы оқушының сабағына кіріп және де сауалнамалар алып, тренингтер өткізіп, оқушыны зерттеді. Оқушы үнемі мектепшілік бақылауда, оқушының ата – анасы мектеппен тығыз байланыста. Пән мұғалімдері жаңартылған білім мазмұны бағдарламасына сәйкес оқушының оқу деңгейін ескере отырып, оқыту бағдарламаларын жеңілдетілген түрде жасап, бекіттірген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары жасалынды. Әртүрлі мерекелік шараларға шақырылып, әртүрлі сыйлықтар тарту етілді. Қайырымдылық акциясы кезінде әртүрлі сыйлықтар берілді. Дәстүрлі 1 – маусым балаларды қорғау күнінде де өткізілген іс – шараларға қатысады. Жылына әлеуметтік – тұрмыстық жағдайларын тексеру мақсатында зерттеу актісі жасалып отырды. Оқушының барлық құжаттары, жыл сайынғы медициналық тексерістерден уақытылы өтіп отырады. Сынып жетекші инклюзивті оқыту бағдарламасына сәйкес жасаған жұмыс жоспарлары бойынша сабақ беріп келеді. Мектеп тәртібі, ережелері ата – анасына ескертілді.

Балалардың сабақ үлгерімі – орташа. Пән мұғалімдері инклюзивті оқыту, үйден оқыту бағдарламаларына сәйкес жасаған жұмыс жоспары бойынша сабақ беріп келеді. Балалардың әлеуметтік жағдайы жыл сайын тексеріліп отырады. Орынғали Айзере – толық емес отбасына тәрбиеленуде. Жамбылова Зарина толық отбасында тәрбиеленуде. Жаңа оқу жылына дайындығын бақылау нәтижесінде осы аталған оқушыларға тамыз-қыркүйек айларында «Мектепке жол» акциясы аясында оқу құралдары мен оқулықтармен қамтамасыз етіліп отырады.

5) 4, 9, 11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу

бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау ведомостарының көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 15 және 16-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).

16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы сәйкес Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 27 сағаттан аспайды. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 29 сағаттан, 6-сыныпта – 30 сағаттан, 7-сыныпта – 33 сағаттан, 8-сыныпта – 34 сағаттан, 9-сыныпта – 35 сағаттан аспайды. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 35 сағаттан аспайды.

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2022-2023 оқу жылында Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде ұйымдастырылды.

1) 2022 - 2023 оқу жылының басталуы - 2022 жылғы 1 қыркүйек;
2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 36 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

2023-2024 оқу жылында Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде ұйымдастырылды.

Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей 2023 - 2024 оқу жылының басталуы - 2023 жылғы 1 қыркүйек, оқу жылының аяқталуы - 2024 жылғы 25 мамыр

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан – 5 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2023 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында)

Білім беру ұйымының басшысы : _____ А.С.Майканов
(Тегі, аты, әкесінің аты)

